

Қалмахан Ержан Сейтұлы

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

ИМАМ МАТУРИДИ

Астана - 2014

Қалмахан Ержан Сейтұлы, *Нұр Египет ислам мәдениеті университетінің*
доценті, PhD докторы

Бұл кітапшада «Әһли сүннет уәл-жамағат» ғұламаларының бірі, Әбу Ханифаның ізбасары, ақида ілімінің білгірі Имам Матуриди жайлы сөз болады.

Имам Матуриди өз дәуірінде тура жолдың имамы, Ақида ғалымдарының имамы деген құрметке ие болған.

Имам Матурийдің еңбектерін оқи отырып, оның кәлам, мәзһабтар тарихы, фикһ әдістемесі мен тәпсір саласында өзіндік орны бар ірі ғалым екендігін пайымдауға болады. Кітапшада ғалымның өмірі, ұстанымдары, ұстаздары мен шәкірттері жайында сөз болады.

Кітапша барша оқырман қауымға арналған.

АЛҒЫСӨЗ

Жаратушы Хақ Тағала адам баласын ең кемел әрі көркем бейнеде жарата отырып, оны сансыз нығметтерге бөлеген. Бұған қоса, сол нығметтердің қадірін түсіндірсін, адамның әрі бүкіл болмыс атаулының жаратылыс мақсаты мен сырларын ұғындырсын деп әр қауымға өз елшілерін жіберіп отырған.

Ол елшілер өмірдің түпкі мәнін ұқтырып, жаратылыстың мақсатын ашып баяндады. Адамдарға ақиқатты дәріптеп, тура жолды нұсқады. Осы тура жол – Ислам діні. Ол ең алғашқы, әрі ең соңғы дін. Аллаһ осы дінін адамдарға Өзінің пайғамбарларына түсірген кітаптары арқылы жеткізді. Ислам дінінің соңғы кітабы – Құран еді. Хақ Тағала оны соңғы елші хазіреті Мұхаммед пайғамбарға түсірді. Аллаһ бұл пайғамбардан өзге пайғамбарларды белгілі елдерге жіберсе осы соңғы елшісін қияметке дейінгі барша адамзатқа жіберді. Сол себепті Құран да өзі түскеннен кейінгі күллі адамзатқа жететін кітап еді. Оның негізгі түсірушісі Ұлы Жаратушы Құранды ақырзаманға дейін Өзі қорғайтындығын білдірген. Ол жайлы Құран Кәрімде: **«Құранды біз түсірдік, қияметке дейін оны біз қорғаймыз»**, -делінген.

Құран – жаратылысты жоқтан жаратқан Ұлы Жаратушы Аллаһ Тағаланың өзгермес сөзі. Хақим Абай айтқандай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз ешуақытта жалған болмас». Жаратушы Жаппар Ие оны қияметке дейінгі жалпы адамзаттың екі дүниелік бақыты үшін, Жебірейіл періште арқылы адамдар арасындағы ақырғы елшісі Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уахимамен жеткізген еді.

Хазіреті Адам заманынан басталған Ислам діні Мұхаммед пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дәуірінде толық түсіп кемеліне келді.

Сондай-ақ, Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмір сүру барысында мұсылмандардың ойында шешімін таппай жүрген сұрақтарға дер кезінде жауап беретін. Алайда 632 жылы Мұхаммед пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеден өткен соң, Ислам діні әкелген ой еркіндігінің нәтижесінде мұсылмандар Құран мен хадиске түрлі түсінік беріп, ағымдарға бөліне бастады.

Құрандағы күрделі әрі кең мағыналарды қамтитын сөздердің қай мағынада қолданылғанын анықтау үшін әр нәрсенің парқын білетін мамандарға қажеттілік туды.

Исламдағы ақылдың орнын бағамдайтын әһли сүннәт кәламы ғылым саласы пайда болды. Бұл ғылымның негізін Ирактық Әбу Хасан әл-Әшғари және Самарқандық жерлесіміз имам Әбу Мансур әл-Матуриди қалады. Имам Матуриди – Әһли-сүннәт мектебі бойынша екі ғалымның бірі әрі Матуриди деп аталатын үлкен теологиялық мектептің құрушысы.

Бүгінгі әлем мұсылмандарының 90 пайызын сунниттер, ал қалған 10 пайызын шииттер құрайды. Статистикалық есепке сүйенсек, сол тоқсан пайыз сунниттердің 87,2 пайызын «Матуридилік» пен «Әшғарилік» мектебін ұстанатын Әһли сүннәт уәл-жамағаты құрайды. Әһли сүннәт фикһта Ханафи,

Шафиғи, Ханбали, Малики болып бөлінсе, сенім мәселесінде Матуриди және Әшғари мектептерінің қағидалары арқылы танылған.

Қазіргі таңда әлемдегі суннит мұсылмандардың жартысынан көбі Ханафи мәзһабын ұстанады. Ал Ханафилердің басым көпшілігі имам Матуридің бір жүйеге келтірген сенім негіздерін басшылыққа алады. Бұл жүйе Орта Азия, Түркия, Балқан түбегі, Қытай, Үндістан, Пәкістан аймағындағы мұсылмандар арасында кеңінен жайылған. Әсіресе, түркі халықтары арасында көбірек таралған. Әрине, оның ішінде Қазақстан мұсылмандары да бар.

Олар ғасырлар бойы исламның сенім тұрғысынан матуридия бағытын, ал тағат-құлшылықта Әбу Ханифа мәзһабын ұстанған. Оны Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында да «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатын сунниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – Ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал», - деп айтып өтті.

Алайда Әбул-Хасан Әшғари, Ғазали секілді танымал тұлғалармен салыстырғанда, Имам Матуриди белгісіз себептерге байланысты өз деңгейінде зерттеліп, танылмаған.

Сондықтан да асылдың сынығы имам Матуриди жайында қысқа болса да мағлұмат беруді жөн санадық.

**ИМАМ МАТУРИДИДІҢ
ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ**

Әбу Мансур әл-Матуриди

Әбу Мансур Мұхаммед – өз есімімен қоса Шейх, Самарқанд шейхтерінің басшысы, Әһли сүннәт имамы және кәламшылар имамы деген сияқты лақап аттармен де кеңінен танылған.

Сондай-ақ, кей деректерде оның аты көбіне «Әбу Мансур әл-Матуриди», «Әбу Мансур ас-Самарқанди», «Әбу Мансур әл-Матуриди ас-Самарқанди» және «аш-Шейх Әбу Мансур» деп те кездеседі. Толық аты Әбу Мансур Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Махмуд әл-Матуриди ас-Самарқанди.

Имам Матуриди Самарқанд қаласының Матурид деген ауылында дүниеге келген. Имамның туған жылы туралы нақты деректер жоқ. Кей зерттеушілер оның Имам Ағзам Әбу Ханифа қайтыс болғаннан кейін бір ғасырдан астам уақыт өткен соң дүниеге келгендігін айтады.

Имам Матуриди 333/944 жылы Самарқандта дүние салып, «Чакардиз» атты ғалымдарға арналған зиратында жерленді. Алайда 1940-1950 жылдар аралығында зират жермен-жексен етілген. Кейіннен зират толықтай қайта қалпына келтіріліп, көпшілікке ашылды.

«Матуриди» деген есім оның туған жеріне байланысты берілген. Оның туып өскен жері Бұхара, Термез секілді «білім орталығы» деген атаққа ие болған маңызды мәдени қалаларды қамтыған Мауараннаһр аймағы еді. «Мауараннаһр» сөзі араб тілінде «Екі өзеннің арасындағы өлке» деген мағынаны білдіреді. Бұл Орта Азияда Амудария өзенінің арғы жағындағы түркілер қоныстанған территорияға берілген жеке географиялық атау. Бір кездері КСРО-ның құрамына кірген бұл аймақ қазір Өзбекстанды, Қарақалпақстанның шығыс бөлігін, Тәжікстанды, Қырғызстанның оңтүстігін, Қызылқұм шөлі мен Қазақстанның бір бөлігін алып жатыр.

Имам Матуридидің ұлты туралы тарихшылар арасында екі түрлі көзқарас бар. Бір деректер оны түркі тектес халықтарға жатқыза, Сәмани, Зәбиди еңбектерінде араб яғни, Мәдиналық атақты Әбу Әйюб әл-Ансари әулетінен шыққан деп тұжырымдалған. Кейбір отбасылардың Мәдинадан Самарқандқа келіп қоныстанғаны туралы мағлұмат осы пікірді қуаттайды. Имамның есімі кей деректерде «әл-Имам Әбу-Мансур Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Махмуд әл-Матуриди әл-Әнсари» деп берілуі де осыдан.

Десе де Матуридидің еңбектеріне үнілер болсақ екінші көзқарастың дұрыс емес екендігіне көз жеткізуге болады. Өйткені алғашқы қайнар көздерінен оның араб екені туралы еш кездестілмейміз.

Деректерде Матуридидің отбасына қатысты негізінен тек әкесі мен атасы жайлы ғана айтылады. Әкесі – Мұхаммед, атасы – Махмуд. Бір жағынан ол көпшілікке Әбу Мансур (Мансурдың әкесі) деп танылған. Бұл бізге оның Мансур есімді ұлы болғандығын білдіреді. Алайда Матуридидің ешқандай ұлы болмағандығы анық. Өйткені, Матуридидің өзі бұл лақап есімнің Мансур деген ұлы болсын деген ниеттен туғанын айтады.

Чакардиза – Орта ғасырдағы Самарқандтағы Шахристан аймағына қарай аққан канал атауы. Осы каналдың шығыс жағалауында «диза» деген қамал болған. Онда «чокар» атты әскер тобы орналасқан. Сондай-ақ, IX соңы - X ғасырдың басында Саманиттер мен Қараханиттердің дәуірінде өмір сүрген танымал кәламшылардың жерленген зират атауы. Бұл кезең Матуриди мектебінің қалыптасып жатқан дәуірге тура келеді.

Сондай-ақ, кей зерттеулерде Матуридидің бір қызы және осы қызының баласы (Матуридидің немересі) болған деген мәліметтерді де кездестіреміз. Абдулқадир әл-Қураши: «Қазы Әбул Хасан Әли ибн Хасан әл-Матуриди, Шейху-л Ислам Әбу Мансур әл-Матуридидің немересі. Нағашы атасынан фикһ ілімін оқыған. Ол 511/1117 жылы қайтыс болып, Чакардизада жерленген» деп Матуридидің бір немересі болғандығын айтады.

Кейбір дереккөздерде имам Матуриди және оның тұлғалық қасиеті жайлы қиссалар баяндалады. Бартольд, Әбу Хафс ән-Нәсафидің «Китабул Канд фи тарихи Самарқанд» атты еңбегінің қолжазба нұсқасында Матуриди жайлы былай дегендігін айтады: Шейх Әбу Мансур әл-Матуриди мен Шейх Әбул Қасым Хаким Самарқанди теккеде дәріс беретін. Шииттер мәзһаб тақырыбында осы екі ғалыммен көп пікірталастырады. Сол кезде шейх Әбу Мансур теккеде Қызырды (а.с.) көріп, одан көмек сұрайды. Қызыр (а.с.) дұға етеді. Дұғасы қабыл болып, Аллаһ Тағала имам Матуридиге хикмет ілімін нәсіп етеді. Осылайша, имам Матуриди бұрыс мәзһабтарды жеңеді.

Әбу-л Хасан ар-Рустуғфани «Фауaid» атты еңбегінде имам Матуридиді жасаған дұғасы кері қайтарылмай, қабыл болатын тұлға деп сипаттайды. Оған мына қисса дәлел: Бірде Самарқанда патша қызметкерлерінің бірі күш қолданып, Имам Матуридидің шәкірттерінің бірінің үйін тартып алады. Мұндай жағдайға тап болған шәкірт имам Матуридиге шағымданады. Имам Матуриди қызметкердің әлімжеттігін айтып патшаға кісі салады. Алайда, патша Матуридидің бұл сөзіне құлақ аспайды. Имам Матуриди патшаның бұл қылығына қатты ашуланса да, ашық наразылық білдірмейді. Халықты патшаға қарсы айдап салмайды. Тіпті, бұл амалдың әділетсіз екендігін білген патшаға теріс бата да жасамайды. Бірақ қол ұшын беру мақсатында шәкіртіне қысым жасап үйін тартып алған қызметкерге амалсыз теріс батасын береді. Көп ұзамай патша қызметкері ауруға шалдығады. Аурудың себебін түсінген қызметкер үйді иесіне босатып берген екен.

Бұхаралы Әбу Мұхаммед ар-Риғдамунидің (IV/Хғ.) айтуына қарағанда, билікпен қарым-қатынасы түзу болған Әбу Ахмед әл-Ийади, сол дәуірдегі саяси жағдайға аса риза болмаған ұстазы имам Матуридиді бір қызметкердің үйіне қонаққа алып барады. Үйге кірісімен үй иесі ғалияны ұсынады. Имам Матуриди қатты ашуланып, бұл хош иісті қолданудан бас тартады. Бұған қарамастан үй иесі имам Матуридидің рұқсатынсыз атының құйрық-жалына хош иісті ғалияны жағады. Үйіне қайтпақ болған имам Матуриди атының құйрық-жалынынан ғалияның иісін байқап қалады. Бұған ашуланған имам аттың құйрық-жалын жудыртады. Тіпті, жалыннан ғалияның иісі кеткенше орнынан тапжылмаған екен.

Бұл қиссалардан имам Матуридидің өмір сүрген дәуірінде құрметті, абыройлы және беделді тұлға екендігін байқаймыз.

Басқа бір қиссада имам Матуридидің Ислам әлемінде беделді, ғұлама екендігімен қатар қарапайым көппен бірге өмір кешкендігі баяндалады.

Егер де үйге бай дәулетті адам қонаққа келе қалса, «Ғалия» атты хош иісті ұсыну Самарқандықтардың дәстүрі болған.

Бірде Бағдат халифасы Имам Матуридиден пәтуа сұрау үшін Самарқандқа елші жібереді. Елші пәтуаға жауап алу үшін (Имам Матуридидің) бау-бақшасына барады. Беліне жүзім сабағын байлаған, басында қамыстан қайық-кескінді бас киімі бар, жұпыны киінген, қарияны көреді, оған:

– Біздің Мәулана (қолдаушы) қайда екен? – деп сұрайды. Қария:

– Біздің қолдаушымыз Аллаһ, – дейді. Сонда елші:

– Ал қожамыз (жол көрсетушіміз) қайда екен?

– Қожамыз – Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.), – дейді әлгі ақсақал.

– Әбу Мансур (Матуриди) қайда екен? – деп сұрады елші.

– Ол кісіңіз алдыңызда тұр, – деп жауап береді.

Елші алып келген пәтуаның жауабын ақсақалдан алған кейін, өз жөніне кеткен екен.

Сондай-ақ, Әбул Муин ән-Насафи имам Матуриди жайлы былай дейді: Ол пікірталастарда қарсыластарын уәжге жығып, бар сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беретін. Оның пікірлеріне сүйсінген ұстазы Шейх Әбу Насыр әл-Ийади:

«Раббың қалағанын жаратады да, таңдау жасайды» («Қасас» сүресі, 68) деген аятты оқып, Матуридиді мақтайтын. Тіпті ұстазы Әбу Мансур әл-Матуриди келмей дәрісін бастамайтын.

Кейінгі дәуір ғұламалары да «Матуриди алдыңғы қатарлы имамдардан. Ол хақ дінді тура түсіндіру жолында ерекше қызмет еткен тұлға» деп мақтан еткен.

ИМАМ МАТУРИДИДІҢ ӨМІР СҮРГЕН ДӘУІРІ

Имам Матуридидің өмір сүрген кезеңі Аббаситтер мемлекетінің әлсіреп, соның нәтижесінде бірқатар Ислам мемлекетінің пайда болған уақытпен тұспа-тұс келеді. Мауараннаһрда Саманидтер мемлекетінің құрылғаны тәрізді, бастапқыда Иран, Хорасан, Систан және Кирманды құрамына алған Саффариттер мемлекеті пайда болған еді.

Имам Матуридидің ислам әлеміндегі сенімге байланысты арпалыстың ең өршіген уақытына тап келген. Бұл кезде Ислам халифаты күн өткен сайын ұлғайып, көптеген халықтар Ислам дініне кіріп жатты. Бір жағынан халифа Мәмун (813-833) дәуірінен бастап, ежелгі грек және үнді пәлсапасы араб тіліне көптеп аударылды. Мұсылмандардың өзара мәзһабқа бөлінгендері аздай, сырттан келген яһуди, христиан пәлсапашылары мен дін басылары сенімге байланысты түрлі пікірлер айтып, халықтың санасына көптеген күмәнді мәселелерді ұялатып, дел-сал күйге түсіріп қойды. Осындай сәтте исламның иман негіздерін қорғау мақсатында ақыл мен қисындық қағидаларды пайдалану қажет болды. Нәтижесінде, иман негіздерін әрі аят-хадиспен, әрі ақылмен бекітетін «Кәлам» атты жаңа әдіс пайда болды. Мұның латынша ұғымы – «теология». Имам Матуриди осы дәуірде шыққан әйгілі мутакаллим, яғни теолог еді. Имам Матуридидің шыққан жері Мауараннаһр өлкесі болғандықтан, ғалым сол аймақтағы Ханафилардың ақида мектебінің имамы атанып, сенім негіздерін жүйеге келтіруші болып саналады.

Матуриди ақида саласында ұстаздарының тізбесі Әбу Ханифаға барып тіреледі. Ол Әбу Ханифаның ақидаға байланысты еңбектерін оқып, өз көзқарасын Әбу Ханифаның пайымдауларының шеңберінде, «кәлам» әдісі арқылы жүзеге асырған. Сол себепті имам Матуриди Әбу Ханифаның ізбасары ретінде саналып, мәзһабы ханафи мәзһабы болып саналған.

Әбу Ханифа мен Матуриди еңбектерін салыстыра зерттеген Әбу Зәһра Әбу Ханифа көзқарастары Матуриди тұжырымдарының қайнар көзі екенін, мұны Матуридидің өзі де мойындағанын дәлел ретінде келтіреді. Ханафи мәзһабының үлкен ғалымдарының бірі Захид әл-Кәусари де өзінің еңбегінде Матуридидің Әбу Ханифаның еңбектерін нақты қолданып, оларды жете зерттегенін айтады. Бұл жерден имам Матуриди мен имам Ағзамның сенімдік көзқарастарын тереңдете зерттелгенін аңғарамыз.

Шынтуайтында, Матуриди Әбу Ханифаның көзқарастарын оқып үйреніп, осы көзқарас аясында аят хадистерді қолданып, ақыл ойға да аса мән берген. Самарқанд аймағындағы ағымдар мен бағыттарға қарсы пікірталастарында кәлам әдіс арқылы үлкен жетістіктерге жеткен.

711-жылы Мауараннаһрды Құтайба ибн Муслим басып алады. Басқару жүйесі Әмауи халифаты Мәмуннің Саман ұлдарына яғни Әсад ибн Саманға берілгенше, (819ж.) орталықтандырылған халифалық арқылы басқарылды.

Мұғтасым дәуірінде (833-842жж.) Мауараннаһр тұрғындары толықтай мұсылман болып, шапқыншылыққа қарсы тұрды. Сол кезде олар ханафи мәзһабын ұстанатын.

Саманидтер әулеті дәл осы кезеңде жаңа мемлекет құрып, Мауараннаһр аймағына иелік етті. Мәселен: 819-жылы Нұх ибн Әсад – Самарқандқа, Ахмед

ибн Әсад – Ферғанаға, Йахия ибн Әсад – Шашқа, Илиас ибн Әсад – Хератқа әкім болды.

Орталық Бұхара қаласы болғанымен, Самарқанд халқының саны көп болатын. Ірі қалаларға жағдай жасалып, олар ғылым орталықтарына айналдырылды. Мәзһабаралық пікірталастар кеңінен етек алып, қызу тартыстар жүргізілгендіктен, ел билеушілері оқымыстылар мен діндар ғұламаларды, дін мен ғылымды жандандыруға жағдай жасады. Сөйтіп, Саманидтер әулеті Ислам дініне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының дұрыс жолға қойылып, кемелденуіне елеулі үлес қосты.

Абдулла ибн Тахирдің (829-844ж) «Ғылыммен айналысатын адамға жағдай жасалу керек. Ғылым – жалқаудың емес, ізденушінің жанынан табылады», деген сөзінен сол дәуірде ғылымға өте көп мән берілгендігін көруге болады.

Мауараннаһрдың Хорасаннан басқа аймақтарында мұғтазилиттердің сенімге байланысты көзқарастары кеңінен тараған еді. Бұған Матуридидің – «Бәйану уәһмил мұғтазиләт» деген мұғтазилиттерге бағытталған шығармасы дәлел бола алады. Сондай-ақ, танымал хадисші ғұламалардың шығуына да, бәлкім, осы мұғтазиланың көзқарастары бірден-бір себеп болуы керек. Өйткені, хадис әдебиетінде бірнеше маңызды қайнаркөздерді жинақтаған ғалымдар осы аймақтан шыққан. Олар ислам әлемін шарлап Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадистерін бір жерге жинаған.

Мауараннаһр аймағынан шыққан Кутуби Ситта яғни ең сенімді деп табылған 6 хадис жинағы имамдары секілді бірқатар танымал хадис ғұламаларын кездестіруге болады.

Сондай-ақ, Мауараннаһр аймағы тек ғылыми және мәдени тұрғыда ғана дамып қоймай саудамен де өзін таныта білген. Мәселен Абдулла ибн Тахирдің тұсында мемлекеттің кірісі 40 миллион дирхамнан асқан екен.

Осы саманидтер дәуірінде Матуридидің жұлдызы оңынан туған еді. Себебі, Саманидтер 874-999-жылдар арасында Иранды толығымен қол астына алғаннан кейін, ғылым мен әдебиетке белсенді түрде қамқорлық көрсетті. Сарайларға көптеген ғалымдарды жинады. Қала кітапханаларымен қатар, әрбір мешіт жанында арнайы кітапханалар жұмыс істеді.

Саманидтер мемлекеті (999) қолынан билік кеткенге дейін өз ғалымдарын ұдайы қорғап, қолдап отырды. Имам әл-Матуриди сондай ғылымға құрметі мол ортада ғылым-білімнен әбден қаныға сусындап, жемісті еңбек етті.

Ірі қалаларда бай кітапханалар ашылды. Олардың ең үлкені – Мерв қаласында еді. Мәселен, әл-Мақдиси (990) өз еңбегінде: «Бұл өлкенің ғалымдары ғылым-білімнің шырқау шыңына қол жеткізген. Ол жер – оқу-білім мен жақсылықтың қазынасы, Исламның алынбас биік қамалы. Бұл жерде шарифат ғалымдары патшалардай сыйлы» деген мәлімет келтіреді.

Өмірін білім жолына сарп еткен Имам Матуриди түрлі діни мәліметтерді игере отырып, өз дәуірінің беделді ғалымдарының бірі болған. Бір өкініштісі, ғалымның құнды еңбектерінің басым бөлігі күнімізге дейін жетпеген.

**ИМАМ МАТУРИДИДІҢ
ҰСТАЗДАРЫ, ШӘКІРТТЕРІ
ЖӘНЕ ІЗБАСАРЛАРЫ**

Ұстаздары

Имам Матуридидің үлкен ғалым ретінде жетілуіне көптеген ғұламалардың септігі тигендігі шүбәсіз. Қайнар көздерде имам Матуридидің тізбесі имам Ағзам Әбу Ханифаға барып тіреледі. Олар:

1. Әбу Ханифа (150/767)
2. әл-Имам Әбу Абдуллаһ Мұхаммед әл-Хасан аш-Шайбани (189/804)
3. Әбу Сүлеймен Мұса әл-Жүзжани
4. әл-Фақиһ әл-Имам Әби Абдуллаһ ибн Әби Бәкір әл-Жүзжани (285/898)
5. аш-Шейх әл-Фақиһ Әбу Бәкір Ахмед ибн Исхақ әл-Жүзжани (III/IX ғасырдың екінші жарты жылдығы)
6. Әбу Насыр Ахмед ибн әл-Аббас әл-Ийади (260/874)
7. Әбу Мансур әл-Матуриди

Шәкірттері

Имам Матуридидің ұстанымдарын шәкірттері жалғастырған. Олар:

1. Қазы Әбул Қасым Исхақ ибн Мұхаммед әс-Самарқанди (342/953).
2. Әбул Хасан Әли ибн Саид ар-Рустуғфани әл-Ханафи (345/956).
3. Әбу-л Ләйс әл-Бұхари ас-Самарқанди (373/983).
4. Әбу Мұхаммед Абду-л Кәрим ибн Мұса ибн Иса әл-Паздауи (390/1000).
5. Әбу Ахмед әл-Ийади (IV/X ғасырдың басы).

Ізбасарлары

Матуридилік жүйесі мен әдісін ұстанған және осы жолда еңбек етіп танымал болған көптеген ғалымдар болған. Олардың ең бастылары мыналар:

1. Садру-л Ислам Әбу-л Юср Мұхаммед әл-Паздауи (1027-1099).
2. Әбу-л Муин Мәймун ибн Мұхаммед ән-Нәсафи (508/1114).
3. Ферғаналық Сиражу-д дин Әли ибн Осман әл-Уши (Оши) (-1179).
4. Әбу Мұхаммед Нурад-дин Ахмед ибн Махмуд ибн Әбу Бәкір ас-Сабуни әл-Бұхари (580/1184).
5. Камаладдин ибнул Хуммам (1388-1457).
6. Мұхаммед ибн Абдурразақ Хүсейн Забиди (1732-1791).
7. Алауид-дин Әбу Бәкір ас-Самарқанди (540/1145).
8. Бурхан ад-дин ән-Нәсафи (687/1289).
9. Әбул Бәракат Хафизуд-дин Нәсафи (-710/1310).
10. Молла Әли әл-Қари атымен танылған Ханафи фақиһ ғұламаларының бірі Әбул Хасан Нуруддин Әли ибн Сұлтан Мұхаммед әл-Қари (1014/1605) сынды тәпсір, әдебиет және тарих саласын жетік меңгерген ғалымдардың да Матуриди мектебіне сіңірген еңбегі зор.

Бұдан басқа бергін келе яғни, XIX-XX ғасырларда ғұмыр кешкен Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ыбырай Алтынсарин т.б. сияқты қазақтың қай ғұламасын алсаңыз да ақидада Матуриди сенімін, амалда ханафи мәзһабын ұстанғандығы, яғни қазақ даласына 13 ғасыр бұрын келіп орныққан дәстүрлі Ислам жолынан ауытқымағанына тарихи деректер айқын дәлел.

Қорыта келе айтарымыз, түркі халқы мұсылмандарының арасында туған, қазіргі Өзбекстан өңірінен шыққан имам Матуриди фикһ пен ақида саласында ханафилікті ұстана отырып, заманының қажеттілігіне орай, ақида саласын кең дамытты. Міне, сондықтан ақида саласында матуридилікті ұстанамыз. Матуридиліктің өзі Әбу Ханифаның көзқарасының негізінде қалыптасқандықтан мәзһабы ханафилік деп аталып кеткен. Яғни оның жолы ханафиліктен бөлек емес, қайта оның жалғасы.

Имам Матуриди заман талабына қарай исламды бұра тартпақ болған ағымдардың жаңсақ пікірлерінің мұсылмандар арасында таралуын тізгіндеу мақсатында, дәстүрлі сүнниттік көзқарастың шеңберінен шықпай қажырлы еңбек етіп, жүздеген шәкірт тәрбиелеп, Орта Азияда ханафиліктің дамуына үлкен үлес қосқан ғұлама.

Осы тұрғыда айналасына білім нұрын шашқан заңғар имам Әбу Мансур әл-Матуриди жайлы әрі оның қазіргі таңда қоғамға қажетті еңбектері жан-жақты зерттеуді әлі де қажет ететін тың тақырып болып саналады.

ИМАМ МАТУРИДИДІН ЕҢБЕКТЕРІ

Имам Матуридидің еңбектері

Имам Матуриди өз кезегінде сенім мәселелерін талқылау әрі қамту тұрғысынан Әбу Ханифаның ілімінен көп сусындаған. Өз дәуірінің кемеңгер ойшылы Әбу Мансур әл-Матуриди артына бірнеше кітап жазып қалдырған. Олардың бірі «Китабу Тәуилати Әһли Сунна» (немесе «Тәуилату-л Қуран»). Бұл еңбек Құран кәрімнің тәпсірі. Оның бірнеше нұсқасы бар. Көпшілігі әлем кітапханаларында қолжазба ретінде сақталған. Олардың бірқатары Түркия, Германия, Британия, Египет, Өзбекстан және Дамаск кітапханалары.

Бұл – Матуридидің Құран тәпсіріне байланысты жазған ең құнды еңбегі, өз сөзімен айтқанда, «Құран тәуили». Мұнда имам, орайы келгенде ақида мәселелеріне тоқталып, бидғатшылардың пікірлеріне жауап беріп, оларға қарсы өз ойын айтып отырған. Өзге классик ғалымдардан өзгеше әр аятты жеке бөліп, ақылдық тұрғыда түсіндіре білген. Әһли сүннетті қорғай отырып, мүшәббиха (мүжәссима) , мұғтазиланы сынға алған.

Имам Матуриди өзінің Құран Кәрімге жасаған түсіндірмелерінде (тәпсір) бұл тәсілді өмірлік ұстаным етті. Десекте, имам Матуриди Құран Кәрімге түсіндірме жасағанда, мутәшаббих (мағынасы құпия) аяттарға мұхкам (мағынасы анық) аяттардың негізінде жорамал (тәуил) жасады. Оның пікірінше, егер, мүміннің ақылы тәуил жасауға күші жетпесе, ол мәселені Аллаһқа қалдырған жөн. Имам Матуриди мүмкіндігінше Құран Кәрім аяттарының мәнін ашуға тырысты. Сондықтан да, бұл маңызды еңбекті көптеген ғалымдар зерттеген.

Әбул Муин ән-Нәсафи, Әбул Йуср әл-Бәздауи, Ибн Әбил Уафа, Хаджи Халифа, Муртада әз-Зәбиди секілді ғалымдар Матуридидің бұл еңбегін жоғары бағалаған.

Матуриди бұл еңбегінде семантикалық тәсілді қолданған. Құранды Құран аяттарымен түсіндірген. Екінші қайнар ретінде хадисті (тек сахих болған хадистерді) пайдаланған.

Матуриди хадис риуаяттарының сенімділігіне өте көп мән берген. Сонымен қатар, ақылға да кереғар болған риуаяттарды алмаған. Бұған мысал ретінде «Бақара» сүресінің 67-аятын айта аламыз: Онда «Бірде Мұса (а.с.) өз қауымына: «Аллаһ Тағала сендерге бір сиыр бауыздауды бұйырады» деп еді. Олар: «Сен бізді тәлкек қылып тұрған жоқпысың?» деді». Матуриди мұндағы мазақының надандықтан туындағанын айта келе, Мұса (а.с.) олардың «Сен бізді тәлкек қылып тұрған жоқпысың?» деген сөздеріне «Мен надандардан болмас үшін, Аллаһқа сыйынамын» деп жауап берген еді.

Матуриди «Аллаһ Тағала оларға бауыздау керек болған сиырдың түр-түсін білдірмеген еді. «Егер де олар ең арық немесе сиықсыздау сиырды бауыздай салғанда, олар үшін жеткілікті болар еді. Алайда, олар өз-өздеріне қиындық туындатты. Аллаһ Тағала да олардың басына қиындық берді» деген хабарды сахих емес дейді. Яғни, осы секілді еңбегінде хадистердің сахихтығына өте көп мән бергендігін көруге болады.

Сөздің тура мағынасын негізге алып, Аллаһты басқа жаратылғандарға ұқсататын ақидадағы жаңсақ ағым.

Матуриди Құрандағы Мұсаның (а.с.) басынан өткен секілді оқиғаларды кеңінен түсіндеретін қайнар ретінде Пайғамбарымыздың хадистеріне ғана жүгінеді. Егер де қиссалар жайлы Пайғамбарымыздың айтқандары болмаса, қиссаны дәлме-дәл қабылдауды жөн санайды. Сонымен қатар, Құрандағы бұрынғы үмбеттер туралы айтылған қиссалар Пайғамбарымыздың пайғамбарлығына бірден бір дәлел болмақ. Ал егер де осыған сенімсіз хабарлар қосылатын болса, қиссалардың жаңылыс түсіндірілуіне себеп болады дейді.

Сондай-ақ, Матуриди Салихтың (а.с.) мұғжизасы ретінде танылған аруана туралы асыра сілтеп айтылған риуаяттарды терістейді.

Жоғарыда аталмыш екі мысалдан түсінгеніміздей, имам Матуриди Исраилұлдары туралы қиссалар мен олардың тарихы жайлы риуаяттарға күмәнді әрі «Исраилиятқа» мейлінше сақтықпен қарағандығын көреміз.

Имам Матуриди кез келген хабар/хадистің мазмұны аятқа сай келіп тұрса да, оны аятқа «Көмекші» етіп көрсету дұрыс емес дейді. Негізі бұл ұстаным қазіргі заман үшін де маңызды. Әуелі хадисті толықтай зерттеп болғаннан кейін ғана ол туралы «Құранға көмекші» үкім беруге болады. Сондықтан да асығыс қабылдаған үкімнің нәтижесі оң бола бермейді.

Имам Матуриди мысал ретінде «Ағраф» сүресінің 204-аятын баяндайды.

«Құран оқылғанда құлақ қойып тыңдаңдар, үндемендер». Бұл аятты тәпсірлеу барысында намаз оқып тұрған жамағаттың Құран аяттарын оқып оқымау керектігі мәселесіне тоқталады. Матуриди бұл жайында Пайғамбарымыздан жеткен көптеген риуаяттарды жинап, арнайы зерттейді. Соңында «Намазда имамға ұйыған жамағат, Құран аяттарын оқымай үндемей тұрады» деген қорытындыға келеді. Осылайша, пікір білдіргеннен кейін оның Құран, сүннет және сахабалардың ижмасына да қайшы келмейтіндігін айтады. Ал «Құран аятын оқуға болады» деген риуаяттарды теріске шығармайды, керісінше ол риуаяттар намаздың жеке оқылуына қатысты айтылған деп түйеді.

Яғни, имам Матуриди тәпсірінде тақырыптарға қатысты Құранның басқа да аяттарын дәлел ретінде келтіреді. Құран аяттарымен қатар хадистерге де орын берген. Бірақ, хадистерді толық зерттеп алмай тұрып қолданбаған.

Имам Матуридидің фикһ әдістемесіне қатысты бірқатар еңбектері де бар. Олар: *«Китабу Мәъазид-ш Шарай фи Усули-д-дин»*, *«Китабу Мәъазид-ш Шарай фи Усули-л фикһ»*, *«Китабу-л Жәдал фи усули-л фикһ»*, *«Китабу-л Усул»* немесе *«Усулу-л фикһ»* және *«әт-Тәъзиб фи Шәрхи-л Жамии-с Сағир»*.

Кәлам ғылымына қатысты еңбектері: *«Китабу-т Таухид»* (таухид – Аллаһты бір деп тану кітабы), *«Китабу-л – мақалат»* (мақалалар кітабы), *«Китабу-р әр-Рәдду әла-л Қарамита»* (Қарамиттерге қарсы жауап), *«Китабу-р Рәдд әла-л Усули-л Карамита»* (Қарамиттердің әдістемесіне қарсы жауап), *«Рәдду-л усули-л хамса ли Әби Мухаммад әл-Баһили»* (Әбу Мухаммад әл-Баһилидің «Бес негіз (принцип)» атты кітабына қарсы жауап), *«Китабу-л рәдди әуаилли-Әдилла ли-л Каъби»* (Кағбидің «Дәлелдердің әуелгісі» атты еңбегіне

· Исраилият: Әһли кітап деректері.

· Ижманың фикһ әдіснамасындағы мағынасы – Пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үмбетінің мужтахид ғалымдарының Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейінгі қандай да бір кезеңде белгілі бір діни үкімге бір ауыздан келісуі.

қарсы жауап кітабы), «*Китабу рәдди тахзиби-л жәдал ли-л Каъби*» (Кағбидің «Тартысты түзету» атты еңбегіне қарсы жауап кітабы), «*Рәдду китаб уаиди-л фуссақ ли-л Каъби*» (Кағбидің «Пасықтардың барар орны» атты кітабына қарсы жауап), «*Рәдду Китаби-л Имәма ли Бадир Рауафид*» (Бадир Рауафидтің имамдық кітабына қарсы жауап), «*Китабу бәяни уәһми-л – муътазилә*» (Мұғтазилердің қиялын баяндау кітабы).

Матуридидің ақидаға байланысты сақталып қалған кітабы – «Китабу-т Таухид». Бұл еңбектің негізгі нұсқасы қазір Англияда қолжазба қорында сақталған. «Китаб-ут Таухид» кітабын алғаш рет 1970 жылы Бейрутта басылып шыққан.

Аталмыш еңбек кәлам ілімінің қайнар көзі болғандықтан зерттеушілер оған ерекше мән берген. Еңбекті тіпті әл-Матуриди ілімінің негізгі жиынтығы деп атауға болады. Автор көптеген еңбектерге сүйенген және оларды жүйелі түрде меңгерген.

Сондай-ақ, онда сол кездегі пікірталастар мен талқыланған күрделі мәселелер қамтылған.

Имам Матуридидің күнімізге дейін жеткен осы еңбегінен-ақ, оның кәлам, тәпсір, мәзһабтар тарихы, құқық және құқық әдістемесі ғылымдары бойынша терең білім игергендігін байқауға болады.

ИМАМ МАТУРИДИДІҢ НЕГІЗГІ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Имам Матуридидің көзқарастары

Имам Матуридидің пікірлері көбіне каррамейлер¹, шийіттер және мұғтазилаларға қарсы болған. Әсіресе, мұғтазила мәзһабымен келіспейтін пікірлері көп болды. Имамның Самарқанд пен одан тысқары жатқан мемлекеттердегі айтыстары мен пікір додалары көбіне-көп сәттілікпен аяқталып отырды.

Имам Матуриди Ислам шарифатын дұрыс түсіндіру үшін ақыл-ойға сүйену керектігін алға тартты. Бұл жағынан алғанда, ол діни мәтіндерді тек тура мағынасында түсінуді құптайтын кейбір ғұламалардың әдістемесінен басқаша жолды ұстанды. Мәселен, «Ақыл-ойдың жаңылуы мүмкін, сондықтан нақылды (Құран аяты мен хадисті) тек сөзбе-сөз түсіну керек» деген пікірдің иелеріне Матуриди «Китабу-т Таухид» атты еңбегінде: «...Бұл пікір (ақылмен ойлаудан қашу) – шайтанның қатерлі тұзақтарының бірі. Өйткені ақылды қолдануға қарсы келушілердің өздері ұстанымдарын ақтайтын ақылдан басқа ешқандай дәлел келтіре алмайды (олар осы қарсылықтарының өзінде ақылға жүгініп отыр). Мұның өзі оларға ақылмен ойлаудың аса зәрулігін мойындатуға жеткілікті. Олар қалайша ақылға салып ойлауды жоққа шығарады. Аллаһ Тағала құлдарын ойлауға шақырады, оларға ой топшылау мен ақыл ізденісін жасауды бұйырады, сол арқылы ғибрат пен үгіт-насихат алудың қажеттілігін көрсетеді. Асылында ой-пікір мен ақылға салу ғылымның қайнаркөздерінің бірі екендігін дәлелдейді» деп, нақты әрі қисынды тұжырымдарын алға тартады.

Алайда, мұның екінші жағы тағы бар. Егер кімде-кім аят пен хадистерге сүйенуді теріске шығарып, адамның ақылы жете алмайтын дүниелерді, Аллаһ Тағаланың бүкіл иләһи хикметтерін өзінің шектеулі ақылымен түсінуді қаласа, өз ақылына қиянат жасап, көтере алмас шоқпарды беліне байлағандық болады. Олай болса ақылға сүйенгенде де шарифат шеңберінен шығып кетпеу имам Матуридидің ұстанымы болған.

Матуриди ақылдың жаңылысып, адасатынынан қорқып, «Шындықты нақылдың тысынан іздемеу керек» деген ғалымдардың көзқарастарымен келіспеген. Аллаһ Тағала Өз құлдарын ойлануға, өмірге үңіліп одан ғибрат алуға шақырғанын алға тартып нақылмен қатар ақылды да дәлел ретінде қабылдаған.

Мұғтазилит пен Матуриди мектебінің ақылды қолдану әдісінің арасында үлкен айырмашылық бар. Мұғтазилиттер сенімге байланысты аяттар мен хадистерді қате түсініп, тәшбихке (ұқсату, теңеу) ұрынған және ақылды мүлдем жоққа шығарған ағымдарға қарсы шыққандықтан, ақылға шектен тыс сүйенетінді шығарды. Тіпті, ақылды негізгі төреші етіп алды деуге болады. Оларға классикалық әдіспен төтеп беру біршама қиындық тудырды. Осы себепті, «Әһли сүннет» сенімін қорғау мақсатында жаңа әдіс тауып, иман негіздерін түсіндіруде аят пен хадиске қоса, ақылға да орын беруге қажеттілік туды. Матуриди мен Әшғари мектептері осы негізде қалыптасты. Имам

¹ IX-XIII ғ-ларда Бағдат халифатының орталық және шығыс аймақтарына тараған теологиялық бағыт. Каррамейяның негізін Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Каррам қалаған. Мұхаммед ибн Каррам Аллаһ Тағалаға заттық бейне бергендіктен, Мужассима (Аллаһты жаратылғандарға ұқсатушылар) ағымынан саналды. Сондай-ақ Исламның сенімдік және ғибадат негіздерін өз көзқарастарына сай жорамалдады.

Матуриди ақида саласында аят пен хадиске қоса, дінді түсіндіруде ақылды да, қажетті қағида ретінде пайдаланғанмен, ақылды өз орнымен қолданып, оған шектен тыс басымдық бермеуге тырысқан.

Ақыл, Матуриди ұстанымының негізі болып саналады. Оның ойынша, жақсылық пен жамандық ақылда топтасқан. Ақыл осы дүниеде оларды ажырату факторы. Адам ақылы жаратылғандардан үстем тұрады. Себебі, ақылы болғаны үшін оны қалай қолданғаны жөнінде Аллаһ алдында жауапқа тартылады. Сондай-ақ, Ислам ақидасы нақылға (аят пен хадистерге) негізделеді.

Матуриди дінді тануға мүмкіндік туғызған екі негіз ретінде уахи мен ақылды атап көрсетеді. Сонымен бірге, «Ғалымдар нақылға ғана жауапты болмайды» деген көзқарасты сынайды. Бұдан ғалымның аят пен хадиске ерекше мән бергенін көруге болады. Ақыл – діннің негізгі қайнары. Ақылды адам міндетті түрде мынадай қорытынды шығарады: сезімге ие болған жаратылыстың міндетті түрде хикметі бар. Тіпті, әлемнің өзі белгілі бір мақсат пен хикметпен жаратылған. Олай болса, ақыл мен әлемдегі хикметтер бір арнада тоғысады дейді.

Адам баласын таухидқа (Аллаһтың жалғыздығына) жетелейтін бір жол бар. Ол – ойлану. Ал бұл ақыл арқылы іске аспақ. Құран Кәрімнің «Әли Имран», «Әнғам» сүрелерінде «**Ойланбайсындар ма?**», десе «Бақара», «Хұд» және «Жүсіп» сүрелерінде «**Ақылға салмайсындар ма?**» деген аяттар кездеседі.

Әрбір адам ақылын дұрыс қолданса, хақ жолды табады. Өйткені, адам болмысының бірден-бір ерекшелігі – оның ақылдылығында. Демек, адам баласы ақылын қалай қолданса, сондай нәтижеге қол жеткізеді.

Иман жайлы

Иман сөзі «сену», «нану», «сенімді болу» деген мағыналарды береді. Діни термин ретінде Аллаһ Тағаланың өсиеті мен оның елшісі Мұхаммед пайғамбардың айтқандарының барлығын жүрекпен толық қабыл алу.

Қазақ тілді сөздіктерде көбіне осы діни терминдік мағынасында Ислам дініне қатысты қолданылып: «Иман – сенім, мұсылман дінінің құрамдас бөлігі. Иман ұғымы – исламдағы ең қасиетті нанымдардың бірі...»; «Ислам дініндегі бес парыздың бірі, Аллаһ Тағаланың жалғыз, біреу екеніне, Аллаһтан басқа құдайдың жоқтығына, Мұхаммед пайғамбар оның елшісі екендігіне сену, мұсылмандықтың негізгі шарты...» деп түсіндіріледі.

Абайша айтқанда иман – Аллаһтың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына және пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) арқылы жіберген жарлығы мен білдіргеніне мойынсұнып иман ету. Яғни, Құдіреті шексіз Ұлы Жаратушының ешқандай серігі болмағанына, оның жалғыз екеніне, бастауы мен соңы болмаған, мәңгі бар екеніне, одан әрі өз елшісі арқылы бізге кітап жібергеніне қалтқысыз сену.

Сондай-ақ, жүрегімен толық қуаттамай тек тілімен ғана айтып мойындаса мүмин бола алмайды. Иманды қолмен ұстап, көзбен көру мүмкін емес. Ол тек жүрекпен сезіледі.

Діни дүниетаным бойынша, иман көзбен көріп, қолмен ұстап көретін тек теориялық түрде расталатын мәлімет емес, керісінше көзге көрінбейтін, қолмен ұсталмайтын бірақ бар екендігін адам ақылы жоққа шығармайтын көмескіге сену, оны шын ықыласпен қабылдап, күмәнсіз жүрекпен бекіту деген ұғымды білдіреді.

Осыған байланысты Құран Кәрімде шынайы иман тікелей жүрекпен байланыстырылады:

«...Ей, Елші! Саған тек ауыздарымен: «сендік», - деп айтып, бірақ жүректері сенбегендермен күпірлікке жарысқандар сені кейітпесін» («Майда» сүресі, 41-аят).

«Бәдәуилер: «Иман келтірдік», - деді. (Уа, Мұхаммед! Сен) оларға айт: «Сендер иман келтірмедіңдер, тек, «біз мойынсындық» - деңдер. Өйткені, иман әлі жүректеріңе кірмеді де...» («Хұжрат» сүресі, 14-аят). Міне, осы секілді аяттар жүрегіне иман орнықтамаған, әрі толық қуаттамаған адамның жағдайы баян етелуде.

Иманның жүректің қуаттауынан тұратындығы туралы айтылған хадистер де бар. Олар:

«Кісінің тілі мен жүрегі тең болмайынша ол иман келтірген болмайды...» (Кәнзул ирфан, 1001 хадис, 18);

«Аллаһтан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне шын жүрегімен куәлік еткен кісіге Аллаһ жәһәннәмды харам еткен» (Муслим, Иман-17).

«Аллаһ жәннәттықтарды жәннәтқа, жәһәннәмдықтарды жәһәннәмға тастайды. Содан кейін: «Қараңдар, жүрегінде титтей иман болған біреуін тапсаңдар, оны жәһәннәмнан шығарыңдар», - дейді». (Бұхари, Иман-15; Муслим, Иман-82).

Имам Матуриди бойынша иман тек тілмен айту ғана болғанда Аллаһ Тағала Құранда екі жүзділер мен «бәдәуилер» туралы былай демес еді. Матуриди, екі жүзділердің жүрегінде иманы жоқ бола тұра, тілдерімен ғана иман еттік деуі Аллаһты алдау әрі ол иман еткенге жатпайды деп қарастырады. Сондықтан да иман етудің негізгі қағидасы – жүрекпен бекітіп, тілмен айту дейді.

Сондай-ақ, Имам Матуриди ешқандай қиыншылыққа тап болмаса да сенімін тілімен айтпаса, яғни иманын жасырған кісі мүмин бола алмайды дейді. Өйткені, ешқандай кедергісіз сенімін тілмен айтпау жүректегі иманын бекітпеген болып есептеледі. Иманның мекені жүрек болғандықтан, жүрекке орныққан иманға үкім етуге, яки оны күштеп шығаруға ешкімнің құдіреті жетпейді.

Имам Матуриди «Китабут Таухид» атты еңбегінде **«Жүрегі иманмен орныққаннан кейін зорлық көрген адамнан басқа жандар иман келтіргеннен кейін Аллаһқа қарсы келсе, сондай-ақ біреу көңілін имансыздыққа берсе оған Аллаһтың ашуы және оларға зор азап бар»**, - деген «Нахыл» сүресінің 106-аятында жүрегі иманға толы, бірақ өлімнен қорқып тек тілмен шарасыздықтан дінсіздердің қалауын орындаған адам кәпір

болып саналмайды. Өйткені оның жүрегіндегіні Аллаһ біледі, сол себепті ақыретте мұмин есебінде болады.

Оған ислам тарихында Ислам үшін ауыр қиындыққа душар болып, ақиқат жолында азапталған Аммар ибн Ясир есімді сахабаның басынан өткен оқиғаны айтуға болады. Құрайш мүшриктері Ясир мен отбасын діннен бас тартуға мәжбүрлейді. Өйткені ислам дінін қабылдаған алғашқы мұсылмандар болатын. Діннен бас тартпаған Ясир мен Сумәйяны мүшриктер ыстық құмның үстіне жатқызып, дінінен қайту үшін әбден қинаса да «Аллаһтан басқа тәңір жоқ», – деп, айтқандарынан қайтпайды. Соңында жауыздықпен қол аяғын түйеге байлап тартқылап төртке бөлді. Әкесімен шешесін көрген Аммар шарасыздықтан «Менің құдайым Лат, Манат, Узза», деп мүшриктердің пұттарына бас иіп қалауларын орындаған еді. Бұл оқиға Мұхаммед пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтылғанда: «Сен сол сөзді айтқанда шын жүрегіңмен айттың ба, әлде жүрегінде иманың бар ма еді?», - деп сұрайды. Аммар: «Ол кезде менің жүрегім иманға толы еді, бірақ мен жанымды құтқару үшін олардың айтқандарын істедім», - деп жауап береді. Осы оқиғадан кейін Аммардың кәпір болмағаны, керісінше мұмин екендігі баян етілген жоғарыдағы аят түскен еді.

Иман – адам баласын екі дүниеде де бақытты ететін тылсым қазына.

Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уәс-сәлләм) иман негіздерін Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне және тағдырға иман деп алты негізбен түйіндеген (Муслим, Иман, 1; Әбу Дәуд, Сүнен, 15). Жибрил хадисінде иман, ислам және ихсан үшеуі бірге қарастырылған. Ихсан – Аллаһты көріп тұрғандай құлшылық ету сезімі. Адам баласы осы сезімге ие болу үшін әуелі өзінің ойын, діннің негіздерін нық жүрекке отырғызуы керек. Ал иманды намаз, ораза сияқты исламның амалдық қағидаларымен тереңдетеді.

Ішкі және сыртқы дүниемізде Оның құдыретіне арқа сүйемей әрекет ете алмаймыз. **«Әрбір нәрсенің жаратушысы Аллаһ»** («Әнғам», сүресі, 102-аят; «Рад» сүресі, 16-аят; «Зумәр» сүресі, 62-аят; «Ғафир» сүресі, 62-аят). Айналада болып жатқан өзгерістер Аллаһтың жаратуымен болып жатқан дүние. Жүрегіміздегі иманды бар еткен де Аллаһ Тағала. Құран бұл сөздерді **«Аллаһ сізге иманды жақсы көрсетіп оны жүректеріңізге зейнеттеді»** («Хұжурат» сүресі, 7-аят), **«Аллаһ Тағала қалағанын адастырады, қалағанын тура жолға салады. Ол – шексіз құдірет иесі – Азиз, әр істі орынды істейтін, еш нәрсені бекер жасамайтын – Хаким»** («Ибраһим», сүресі 14-аят) деген аяттармен растайды.

Аллаһ Тағала иманға бейім болмаған адамның жүрегіне мәжбүрлеп иман қоймайды. Әһли сүннет ғұламаларының айтқаны секілді иман адам баласының әрекеті және Аллаһ оның жүрегіне қойған нұры.

Имам Ағзам Әбу Ханифа «Фикһул Әкбарда»: «Иман тілмен иқрар (айту), жүреппен тасдиқ (қуаттау)», - деп түйіндейді. Бұл екеуінің бірі кем болса, иман еткен болып саналмайды. Себебі, жүректегі сырды адамдар біле

алмағандықтан, оны тілімен де айтып жеткізуі тиіс. Сонда ғана ол адамның айтқан сөзіне қарап тоқтам жасалады.

Құранда жүрекпен сенбестен, жәй тілімен иман еткендерді мүмин демейді:

«Адамдардың кейбіреуі екі жүзді: «Аллаһқа ақырет күніне иман еттік» деп айтады. Бірақ олар иман етушілерден емес» («Бақара» сүресі, 8-аят). Ханафилер тілмен айтуды иманның негізі емес, тек оның шарты деп қабылдайды.

Иман ету туралы мәзһабтар арасында түрлі көзқарас бар. Олардың бірі иман – сенілуі қажет діни тұжырымдарды жүрекпен білу деген көзқарасты алға тартқан, ал енді бір топ иман – тілмен айтудан тұрады десе, келесі бір топ иман – өз сенімін жүрекпен бекітіп, оны тілімен айту деген. Ал енді бірі – иман – адам өз сенімін жүрекпен бекітіп, оны тілімен айтып әрі осыған орай амал етуден тұрады деген көзқарасты ұстануда. Әрине, бұлардың әр қайсысының өз дәлелдері бар. Мәселен каррамия иман тек тілмен бекіту ғана, жүрекпен тану иманның рүкінінен де, шартынан да емес деп біледі.

Егер де бұл көзқарас дұрыс деп қабылданатын болса онда мунафық (екі жүзді) мүмин деп саналуы керек. Алайда бұл Құранға қайшы.

Жаһм ибн Сафуан (жәһмия мәзһабы) бойынша, иман – тек таным ғана. Яғни, жүрекпен қуаттамай-ақ Аллаһтың және Пайғамбардың айтқан хабарларын жүрекпен білсе, сезсе жеткілікті деп есептейді.

Харижиттер, мұғтазилиттер, зәйдия мен сәлаф ғалымдары «иман тілмен айтып, жүрекпен бекіту және діннің негізі саналған амалдарды орындау деп қабылдады. Егер осы үш негіздің біреуі кем болса, пенде иман еткен болып саналмайды», - деген.

Иман мен амал арасындағы байланыс

Ислам мәзһабтары арасында иман мен амалды бір ұғым ретінде, немесе екеуінің екі бөлек ұғым ретінде қарастырылуы мәзһабтар арасында пікірталастарға себеп болған. Мұғтазила, харижит және шия ғалымдары амалды иманның ажырамас бөлігі ретінде қабылдап, амалды тәрк еткен кісіні мұсылман ретінде санамаған.

Мысалы харижит ғалымдарының бір бөлігі настармен (Құран мен хадис) бекітілген иләһи әмірлердің бірін тәрк еткен адам кәпір болып саналады дейді.

Имам Матуриди амалдарға сену басқа, оның парыз екенін біле тұра орындамау басқа дейді. Парыз амалды мүлдем мойындамау адамды күпірлікке алып барады, ал мойындап тұрып оған амал етпеген адам күнәһар мүмин. Ислам шарттары (намаз, ораза, қажылық, зекет) иманның шарттарына жатпайды, олар иманнан бөлек парыз дейді.

Әһли сүннет ғалымдары амал мен иман екеуі екі нәрсе болғандықтан, жүрегінде иманы бар және оны тілімен айтқан кісі мұсылман. Мұндай жағдайда, әлгі кісі амалды тәрк еткендігі үшін кәпір болмайды, тек күнәһар мүмин болады деген.

Имам Матуриди де амал иманның бір бөлігі емес. Өйткені Құран Кәрімде: **«Иман еткендер және ізгі амал істегендер...»** деп келетін көптеген аят бар.

Бұл жерде иман мен амал «және» деген сөз арқылы бір-бірінен бөлектеніп тұр, - дейді.

Имам Матуриди иманды жүректің қуаттауы ретінде қабылдағандықтан амалды иманнан бөлек қарастырады. Өйткені Аллаһ Тағала Құранда иман мен амалды бөлек баяндаған. Сондай-ақ, амал етпегендер айыпталса да, олар мүмин деп сипатталған. Құранда **«Еркектен немесе әйелден кім иман келтіруші болып, ізгі істерден істесе, міне солар жәннәтқа кіреді»** («Ниса» сүресі 106-аят), - деген аят бар.

Имам Матуриди бойынша бұл аят амалдың иманға қатысы жоқ екенін көрсетеді. Өйткені **«кім иман келтіруші болып, ізгі істерден істесе»** деген аят амал ету жөнінде айтылуда. Егер де ізгі амал жасау иман болып саналғанда, ол кезде «Кім мүмин болып, ізгі істерден істесе» деп келер еді дейді. Сондай-ақ, имам Матуриди «мүмин болып» деген сөз бен ізгі амалдың тек иманмен пайдалы болатынын айтады. Сондықтан да амалды иманның бір бөлшегі ретінде қарайтын харижит және мұғтазила мәзһабының көзқарастарымен келіспеген. **«Шынайы мүминдер Аллаһтың (есімі) зікір етілгенде, жүректеріне қорқу түсетін, Оның аяттары оқылғанда, имандары артатын және жалғыз Раббыларына ғана сүйенетін кісілер. Олар намазды толық орындайды және оларға берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды»** («Әнфал» сүресі, 2-3 аят),- деген аяттардан жоғарыдағы мәзһабтардың айтқандары секілді амал болмай иман да болмайды деген мағына шығаруға болмайтынын айтады. Имам Матуриди бұл жерден мүминдердің амал етуде жауапты екендіктері меңзелуде деген қорытынды шығаруда. Сондықтан да Имам Матуриди амалды иманның шарты ретінде санамайды және амалдардың тәрк етілуімен адамның иманнан шықпайтынын айтады. Алайда амалдарын толық орындаған адам Аллаһ Тағалаға мойынсұнған мүмин болса, орындамаған адам аси· мүмин болып саналады.

Әһли сүннет ғалымдары амалды иманның бір бөлігі деп есептемегенімен екеуінің арасындағы ажырамас байланыстың бар екенін жоққа шығармайды. Себебі, амалсыз иманның ақыретте пайда беруі екіталай. Иманның кәміл болуы, жетілуі, қуатты болуы амалға байланысты. Амал болған жағдайда иман қуатты болады. Ал иман қуатты, күшті болса, адамның ықыласы соншалықты артады. Иман жанып тұрған шам болса, амал сол шамды қалқалап, жарығын күшейтетін шыны іспетті.

Пенделердің жәннәтқа иманымен кіретіндігі, иманына, амалына қарап мәртебелерімен баратын жәннәт орындары болатындығы Құранда баян етілген.

Сондықтан да имам Матуриди адамдар амал еткені үшін иман етпейді, иман еткені үшін амал жасайды деген.

Иманның артып-кему мәселесі

Иман тек жүрекпен бекіту дегендермен қартар, тек тілмен айту немесе жүрекпен бекітіп, тілмен айту дегендердің көзқарасы бойынша иманның артып

· Аллаһтың бұйырған әмірлерін орындамаған, Аллаһтың үкімдеріне қарсы шыққан күнәһар мұсылманның атауы.

кемуі мүмкін емес. Ал амалды иманның бір бөлігі ретінде санағандар иман артып кемиді деген көзқарасты ұстанған.

Құрандағы «Әй, мүміндер! Сендер Аллаһқа бойсұныңдар, пайғамбарға бойсұныңдар, әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне де. Егер, бір нәрсе үстінде талас-тартыста қалсаңдар, Аллаһқа және пайғамбарға жүгініңдер. Егер сендер Аллаһқа, ақырет күніне сенетін болсаңдар, осылай істеу әрі қайырлы, әрі жақсы нәтижелі болмақ» («Ниса» сүресі, 59-аят);

«Әй мүміндер! Сендерге не болды? «Аллаһ жолында соғысқа шығыңдар»,- дегенде, салмақтарыңды жерге салдыңдар. (Жерден қозғалғыларың келмеді) Ақыреттен гөрі дүние тіршілігін қоштадыңдар ма? Негізінде дүние тіршілігінің пайдасы ақыретке қарағанда өте аз ғана». («Тәубе» сүресі, 38-аят).

«Әй мүміндер! Аллаһтан қорқыңдар, Елшісіне иман келтіріңдер. Сендерге мәрхаметінен екі есе береді. Әрі сендерге сонымен жүретін нұр жаратады. Сендерді жарылқайды. Аллаһ тым жарылқаушы, ерекше мейірімді». («Хадид» сүресі, 28-аят),- деген үш аятта да Аллаһтың әмірлеріне иман келтіріп бойсұнғандар мен Оның әмірлерін орындамай үлкен күнәға бой алдырғандарға да «Әй, мүміндер!» деген. Имам Матуриди мен Әшғари да осы секілді аяттарға қарап иман артып кемімейді деген тоқтамға келген.

Амалды иманның бір бөлігі деп санаған харижит, мұғтазила, зайдия секілді мәзһабтар иман сан һәм сапа жағынан да артады, кемиді. Иманның артуы жақсы амал істеумен жүзеге асса, кемуі жаман амал істеумен болады деп сенген.

Әбу Ханифаның сөзіне қарағанда, жүрекпен қабылдау иманның негізгі талабы болғандықтан, иманның артып-кемуі турасында сөз қозғаудың өзі ақылға сыймайды. Негізінен, иманның артып-кемуі таза теориялық мәселе. Өйткені, имам Әбу Ханифа пайғамбарлар мен періштелерді де қосқанда мүміндердің иманы бір-біріне ұқсас деумен қатар араларында айырмашылық бар екенін де атап көрсетеді. Осыған байланысты «әл-Алим уәл-мутааллим» атты кітабында: Иман амалдан бөлек болғандықтан артып-кемімейді. Олай болса, біздің иманымыз періштелер мен пайғамбарлардың иманымен бірдей. Өйткені, біз Аллаһ Тағаланың жалғыз даралығын, Оның Жаратушылығын, құдыретін, Оның жіберген барлық үкімдерін періштелер мен пайғамбарлардың бізге айтып, растағанындай растаймыз. Сондықтан, иманымыздың періштелер мен пайғамбарлардікіндей екенін айта аламыз. Өйткені, біз періштелер мен пайғамбарлардың көзбен көріп, иман келтірген, Аллаһ Тағаланың ақылмен танып-білу қиын ақиқаттарын көрмесек те, толықтай иман келтіреміз.

Бірақ, мына негіздерге орай бізге қарағанда олар Аллаһтан тереңірек қорқып, көбірек мойынсұнады. Имандары мен құлшылықтарының сауабы тұрғысынан бізден артық деп түйеді.

«Иман амалдан бөлек болғандықтан артып-кемімейді. Өйткені, иманның артуы тек күпірдің кемуімен, иманның кемуі де тек күпірдің артуымен жүзеге асады. Бір кісінің бір уақытта әрі мүмін, әрі кәпір болуы мүмкін емес, бұл қате түсінік»,- деген.

Иман шарттарына толықтай сенуде иманды арттырып кемітпейді. Ешкім өзгеше иман ете алмайды. Сондай-ақ, бір адам иман негіздерінің барлығын қабыл ете тұрып, кейбіріне сенбесе иман еткен болып саналмайды. Мұндай жағдайда иман толық қамтылмағандықтан оның артып, кему мәселесі туралы сөз қозғаудың өзі артық. Сондықтан да иман ету қажет болған шарттар тұрғысынан иманның артуы не кемуі мүмкін емес. Иман негіздеріне сену баршаға ортақ.

Ал иман күшті немесе әлсіз болуы мүмкін. Кімнің иманы күшті, кімдікі әлсіз. «Бақара» сүресінің 260-аятында

«Сонау заманда Ибраһим (а.с.) Раббым! Өлікті қайтып тірілтесің, маған көрсет, деді. (Аллаһ Тағала) Маған сенбейсің бе?, деді. (Ибраһим (а.с.) Әрине сенемін, бірақ жүрегім орнықсын, деді...».

Ибн Касир тәпсірінде бұл аят жайлы: ғұламалар Ибраһимнің (а.с.) бұлай мінәжат етуіне бірқатар себептерді тізбектеп келтірген. Соның бірі патша Намруд өзін тәңірім деп айтқанда, оған Халилуллаһ (а.с.) «Менің Раббым тірілтеді және өлтіреді», деп жауап берген,- дейді.

Халилуллаһ Ибраһим неге бұлай мінәжат етті? Ибраһим (а.с.) пайғамбар иманда илмул яқиннан (біліммен танудан) айнул яқин (көзбен көріп тану) мәртебесіне көтерілуді қалады. Әбу Һурайра (р.а.) пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Біз Ибраһимнен қарағанда көбірек күдіктенеміз. Ол кісі: Раббым! Сен өлгендерді қалай тірілтесің?, деп сұрады. Аллаһ Тағала: сен сенбейсің бе?, деді. Ибраһим: керісінше, сенемін, бірақ жүрегім орнықсын, дедім», -деген (Бұхари).

Шын мәнінде үмбеттің қатардағы мұсылмандарының имандары Мұхаммед пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) немесе Әбу Бәкірдің (р.а.) иманымен тең деп айтпаймыз. Осы мағынада пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Егер Әбу Бәкірдің иманы мен барша мұсылмандар иманы таразыға салынса, Әбу Бәкірдің иманы басып кетеді», дегені иманның кемелдік жағы меңзелген.

Үлкен күнә жасаушының үкімі

Құран аяттары мен хадис арқылы қатаң тыйым салынған амалдардың үкімі «үлкен күнә» деп аталады. Сонымен қатар кейбір амалдарға тікелей қатаң тыйым салынбағанмен, олардың да үлкен күнәға жататынын білдіретін аяттар мен хадистер кездеседі.

Ғалымдар арасында күнәнің үлкені не, кішісі болмайды дегендермен қатар басым бөлігі үлкен және кіші күнәлар деп бөліп қарастырады. Әһли сүннет сенімінде күнәлар үлкен және кіші болып бөлінеді. Себебі күнәлардың ең үлкені – Аллаһқа серік қосу екендігі Құран аяттарында анық айтылған.

Хадистерде үлкен күнәлардың сандық мөлшері жайында түрлі деректер берілгендіктен ғалымдар да бұл мәселе жайында әр түрлі пікірлер білдірген. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадис шәрифінде: *«Сіздерге үлкен күнәлардың ең үлкенін айтайын ба? Олар: Аллаһқа серік қосу, ата-анаға қарсы келу және жалған куә жасау»* (Бұхари. Әдеб, 6; Муслим. Иман, 38),- деп

үш үлкен күнә аталса, басқа бір хадисте «*Азапқа ұшырататын жеті күнәдан сақтаныңыздар!- дегенде сахабалар: Олар не?– деп сұрады. Олар: Аллаһқа серік қосу, сиқыр жасау, хақсыз (орынсыз) адам өлтіру, жетімнің малын жеу, өсім жеу, майданды тастап қашу, намысты және иманды бір әйелге зина жаласын жабу деп жауап береді*», - деп жеті үлкен күнә айтылады. (Бұхари, Уасия. 1200).

Тағы басқа бір хадисте осы аталған жеті күнәмен қатар ата-анаға құрметсіздік пен Мәсжидул Харамда күнә жасауды да үлкен күнә қатарынан санаған.

Кейбір ғалымдар Құран аяттары мен хадистерге сүйеніп үлкен күнәлардың санын одан да көп етіп көрсетеді.

Ендігі кезекте осы аталмыш үлкен күнәларды мұсылман баласы жасаған жағдайда үкімі не болмақ деген сұрақ алғашқы мұсылмандар мен ислам мәзһабтарының өзекті мәселесіне айналған.

Харижиттердің көзқарасы бойынша «үлкен күнә жасап тәубесіне келмей өлген адам – кәпір. Ол отта мәңгі қалады». Оған Құранның:

«Кім Аллаһқа, Елшісіне қарсы келіп Оның шектерінен шықса, ол, ішінде мәңгі қалатын отқа кіргізіледі. Оған қорлаушы азап бар» («Ниса» сүресі, 14-аят),- деген аятын дәлел ретінде келтіреді.

Мұғтазила мәзһабы «үлкен күнә жасап тәубесіне келмей өлген адам – мүмін де, кәпір де емес, ол иман мен күпірліктің ортасында, солай бола тұра ол отта мәңгі қалады», - дейді. Олар бұл пікірлерімен үлкен күнә жасаушы отта мәңгі қалады деген харижиттердің пікірлерімен келіскенімен, үкіміне келіспейді. Өйткені олар үлкен күнә жасаушыны харижиттер секілді кәпір деп атамайды.

Муржиялардың көзқарасы бойынша «жасаған күнәлары имандарына зиян тигізбейді».

Имам Матуриди болса күнәһар мұсылманның ақыреттегі жағдайын Аллаһ Тағалаға қалдырғанымыз жөн. Жаратушы Хақ Тағала өте мейірімді. Қаласа рахым етіп, күнәһар пендесін кешіреді. Қаласа күнәсіне қарай азап береді. Бірақ, өзіне иман келтірген пендесін мәңгілік тозақта азаптамасы анық. Осы тұрғыдан қарағанда адам баласы «үміт» пен «үрейдің» арасында күн кешеді дейді.

Құрандағы **«Әй мүміндер! Аллаһқа шынайы тәубе етіңдер»** («Тахрим» сүресі, 8-аят),- деген аятқа негізделген әһли сүннет сенімі бойынша үлкен күнәлар адамды иманнан шығармайды. Тек жасаған күнәсі үшін күнәһар болады. Ол күнәдан арылудың тек жолы Хақ Тағалаға жалбарынып, тәубеге келу. Күнәні қайта жасамауға сөз беріп, уәдесінде бек тұруы маңызды. Өйткені Құран Кәрімде Аллаһ Тағала үмітін үзбей тәубе еткен құлын кешетіндігін айтқан. Құранда:

«Әй мүміндер! Сендерге қысас (есе қайтару) парыз етілді Азатқа азат, құлға құл, әйелге әйел (өлтіріледі). Дегенмен оған туыс жағынан кешірілсе...» («Бақара» сүресі, 178-аят),- деген аятта әдейі кісі өлтірген адам жайлы айтылуда. Әдейі кісі өлтіру – үлкен күнә. Солай бола тұра өлтірген адам мен өлген адамның жақындары бір-біріне жақын, туыс деп келген, әрі өлген

адамның жақындары өлтіушіні күпірлікке шығармады. Бұл әдейі өлтірген кісінің иман сипатын жоққа шығармау болып табылады. Сол секілді Аллаһ Тағаланың:

«Аллаһ өзіне ортақ қосуды кешірмейді де, одан өзге қалаған кісісін кешіреді», - деген сөзі дәлел. Демек Аллаһ Тағала өзіне ортақ қосудан басқа үлкен, кіші күнәлардың барлығын кешіруі мүмкін. Имам Ағзам Әбу Ханифа:

«Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбетінен күнәһар болғанның барлығы мүмін» (Әбу Ханифа, әл-Уасия, 80-б.), - деген.

Үлкен күнәлардан сақтанған адамның кіші күнәлары кешіріледі. Оған Аллаһ Тағаланың:

«Сендерге тыйым салынған үлкен күнәлардан сақтансаңдар, кіші күнәларыңды кешеміз...» («Ниса» сүресі, 31-аят), - деген сөзі дәлел. Сол секілді Құрандағы:

«Әй мүміндер! Аллаһқа шынайы тәубе етіңдер. Раббыларың жамандықтарыңды жояды...» («Тахрим» сүресі, 8-аят) және

«Әй мүміндер, түгел Аллаһқа тәубе етіңдер! Әрине құтыларсыңдар» («Нұр» сүресі, 31-аят), - деген аяттар үлкен күнә жасаған мүминді тәубе етуге шақыруда.

Бірде Әбу Ханифа мешітте отырғанында бір қарулы харижит (суниттерге қарсы топ өкілі) үстіне баса-көктеп кіріп сынау үшін оған: «Босағада екі өлік жатыр. Бірі арақтан өлген ер кісі, екіншісі зина жасап қойып, сонысы үшін ұялып асылып өлген әйел. Бұл екеуіне қатысты не айтар едіңіз?» – деп сұрайды. Харижиттердің сенімі бойынша, үлкен күнә жасаған кісі кәпір саналып, мәңгілік тозаққа түседі.

Ол кісінің ниет–пиғылын бірден түсінген Әбу Ханифа:

– Ол екеуі яһуди ме, әлде христиан ба, не пұтқа табынушы ма? Мұның қайсысы? – деп қарсы сұрақ қояды.

– Олардың ешқайсысы да емес.

– Сонда қай үмметтен?

– Аллаһтан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі дейтін қауымнан, – деп жауап берген харижитке:

– Куәлік кәлимасы иманның үштен, төрттен яки бестен бірі ме?, – деп тағы сауал қояды.

– Иманның ондай үштен де, төрттен де, бестен де бірі болмайды. Ол бөлінбейді.

– Иманның қаншасы сонда?

– Тұтасы.

– Ендеше жауабын өздерің бердіңдер. Олардың мұсылман екенін айттыңдар.

– Сен мұны қой. Олар жәннаттық па, әлде жәһәннәмдық па?, – деп харижит сүріндіру үшін сұрақты бастырмалата бастайды.

– Ибраһим пайғамбар мүшріктерге: «Уа, Аллаһ Тағала! Маған бойсұнғандар мен қарсы шыққандарға Сен кешірімді әрі рақымдысың», – деп дұға етті. Иса (а.с.) пайғамбар: «Уа, Аллаһ Тағала! Егер оларды азапқа салсаң, олар Сенің құлдарың, егер кешірсең, Сен мейірбан әрі рақымдысың», – деді.

Иманды жандарды қудалауға себеп те, негіз де жоқ», – деп түйіндейді өз жауабын Әбу Ханифа. Сөзге тоқтаған харижиттер қаруларын тастап, мешіттен шығып кеткен екен.

Ақыретте Аллаһ Тағаланың көрінуі (руятуллаһ)

Ақыретте Аллаһтың көріну мәселесі өзекті тақырыптарының бірі. Бұл тақырып көбіне әһли сүннет пен мұғтазила мәзһабының арасында ұзақ жылдар бойы пікірталасқа айналып келген.

Әһли сүннет сенімі бойынша ақыретте мұминдер Аллаһ Тағаланың көрінуін ақли, әрі нақли тұрғыдан уәжіп деп есептейді. Ал ақыретте мұминдер Аллаһты көретін болса, қалай және немен көреді? деген сауалға ғалымдарымыз «Аллаһ бір мекенде, бір бағытта, бір жерде болмастан, бетпе-бет те болмастан, көзге шағылыспастан және көруші мен Аллаһ Тағала арасында белгілі бір қашықтық болмастан көрінеді», - деп жауап беруге тырысқан. Сонымен қатар Аллаһты көру үшін осы дүниедегі тіршілік әлемін көрудегі шарттар қажет емес.

Бұл туралы имам Тахауи өзінің «Тахауи ақидасы» атты еңбегінде:

«Жәннатты мекендеушілердің Аллаһты көретінін қиялға санаған немесе өз ойымен жорамалдаған кісінің иманы шынайы болмайды. Аллаһты көру мәселесі және Аллаһ Тағаланың кез келген сипатының негізгі жорамалы, жоруды доғарып, тек бағыну ғана қажет. Міне мұсылмандардың діні осымен құрылған», - дейді.

Имам Матуриди де мұминдер ақыретте Аллаһты екі жанарымен көреді. Бірақ, қалай көретіндігі (яғни, тікелей мағынасындағы екі көзбен бе, әлде көкірек көзімен бе) беймәлім. Бұған қатысты Құранда:

«Көздер Оған жете алмайды. Ол көздерді көреді» («Әнғам» сүресі, 103-аят), - деген аят бар дейді.

«Қиямет күні кейбір жүздер жарқырап Раббысына қарайды» («Қиямет» сүресі, 22-23 аяттар), - деген аят та Аллаһтың көрінетіндігіне басты дәлел бола алады. Бірақ, имам Матуриди бұл жерде *«Аллаһтың ақыретте көрінетіндігін оймен елестете алмаймыз және де оны ақли дәлелдер арқылы жеткізу мүмкін емес. Сол үшін ешқандай жорамалға, тәпсірге жүгінбестен мұның солай болатындығына толықтай сену керек»*, - деген мәселені айтып өтеді.

Әһли сүннет ғалымдары Аллаһ Тағаланың мұмин пенделеріне көрінетіндігіне мынадай дәлелдерді келтіреді:

1. Құранда: **«Қиямет күні кейбір жүздер жарқылдап, Раббына қарайды»** («Қиямет» сүресі, 22-23 аяттар) мағынасында айтылған аят, - мұминдердің қиямет күні жәннатта Аллаһты көре алатындығының дәлелі.

2. **«Сондай жақсы іс істегендерге жақсылық әрі артығы да бар»** («Юнус» сүресі, 26-аят) аятында айтылған **артық** – сөзінің екінші бір мағынасы Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқаны секілді Аллаһты көру. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде: *«Жәннаттықтар жәннатқа кірген кезде Аллаһ Тағала жәннаттықтарға: Тағы да беруімізді қалаған бір нәрсе бар ма?» - дейді. Олар: Сен біздің жүзімізді*

азартпадың ба? Бізді жәннәтқа кіргізіп, оттан құтқармадың ба? Тағы не сұраймыз?-дейді. Осыдан кейін Аллаһ пердені ашады. Бұдан кейін жәннәттықтарға Раббыларына қараудан да ұнамды болатын бір нәрсе берілгендей болмайды», деп айтып болған соң, жоғарыда айтылған аятты оқыған» (Муслим, Иман. 80; Тирмизи, Жәннәт. 16).

3. Бұл тақырыпқа келесі бір дәлел – Мұсаның (а.с.) Аллаһ Тағаладан өзіне көрінуін өтінуі. «Ағраф» сүресінің 143-ші аятында Мұса (а.с.): **«Раббым маған өзінді көрсет. Сені көрейін»**, - дейді. Шындығында Мұса (а.с.) Аллаһтың ең ұлы елшілерінің бірі болғандықтан Аллаһты жетік біліп, жаратылғандарға ұқсаудан пәк екендігін айдан анық білетін. Сонда да ол Аллаһтың көріну сипатына сеніп, өзіне көрінуін өтінеді. Егер Аллаһты көру мүмкін болмағанда, Мұса (а.с.) мұндай тілек білдірмес еді.

Имам Матуриди бұл аят Аллаһ Тағаланың көрінетіндігінің мүмкін екендігіне дәлел бола алады дейді. Өйткені, Мұса (а.с.) Аллаһтан мүмкін емес нәрсені талап етуі, Оның Жаратушы Иесін толық білмейді деген ұғымға келеді. Ал сауатсыз бола тұра, оның пайғамбар болуы ақылға қонымсыз жайт.

4. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһтың ақыретте көрінетіндігі жайлы басқа бір хадисте былай дейді: «Жәрир ибн Абдуллаһтың (р.а.) былай дегені риуаят етіледі. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанында отырған едік. Сол түні толған айға қарап былай дейді: *«Әлбетте, сіздер мына айды көрген сияқты Раббыңызды да осылай көресіздер. Оны көруде қиыншылыққа кездеспейсіздер. Күн шықпастан және батпастан бұрын сіздерге ауырлық келтірмейінше, күшіңіз жетсе, намаздарыңызды уақытында оқыңыз, уақытын жіберіп алмаңыздар»* (Бұхари, Мауақитус-Салат. 16; Муслим, Мәсажид 211). Жәрир: «Аллаһтың Елшісі осыдан кейін мына аятты оқыды», - дейді. **«Күн шығудан бұрын да, батудан бұрын да Раббыңды мадақта»** («Таһа» сүресі, 130-аят).

5. Сүннит кәламшыларының көпшілігі бұл жайында «уужуд» дәлелі деген дәлелді алға тарта отырып, Аллаһтың ақыретте көрінетіндігін айтады. Бұл дәлел бойынша, бір нәрсенің көрінуінің басты себебі, оның бар болуында. Аллаһ Тағала бар болғандықтан Оның көрінуі хақ.

6. Сахабалар Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Миғражда Аллаһты көріп-көрмегендігі жайында тартысады. Бұл дегеніміз Аллаһтың көрінетіндігіне дәлел бола алады. Себебі ақылды кісілер тек мүмкін болатын нәрсе жайында ғана тартысады.

7. Бір күні имам Шафиғиға қолдарында қағаз ұстаған бірнеше адам келіп, имамнан **«Жоқ олай емес. Негізінде олар ол күні Раббыларының дидарынан махрұм қалады»** («Мутаффифин» сүресі, 15-аят) деген аят жайлы сұрайды. Имам Шафиғи олардың қолдарындағы қағазына былай деп жаздырады: «Олай болса кейбіреулер азапқа душар болғандықтан, Оны көруге күнәләрі кедергі болады. Ал Оның разылығын алғандар Оны көретіндігі осы мағынадан шығып тұр». Сонда әлгілер имамнан: «Тақсыр, сіз осыған сенесіз бе?» деп сұрайды. Имам Шафиғи: «Аллаһқа ант етемін. Мұхаммед ибн Идрис

(Шафиғи) қиямет күні Раббысын көретіндігіне толық сенбегенде, дүниеде Оған ешқандай құлшылық пен ғибадат етпес еді», - деп жауап береді.

Қорыта айтқанда, мүминдердің Аллаһ Тағаланы көздерімен бе әлде жүрек көзімен бе көретіндігі беймәлім. Оған ақыл жетпейді.

Бұл тақырып бойынша мәзһабтардың өз арасында біркелкі көзқараста болмаған. Мысалы мұғтазила өкілі Дырар ибн Амр қиямет күні адам баласына алтыншы сезім жаратылып, Аллаһты көру мүмкіндігі беріледі деген көзқарасты ұстанған. Ал мұғтазила, харижия, зайдия, муржия және жәһмия мәзһабтар өкілдерінің басым көпшілігі әһли сүннеттің көзқарастарымен келіспейді. Мұғтазила мәзһабы Аллаһ Тағаланың ақыретте көрінуі мүмкін емес. Егер де көрінеді деген күннің өзінде мына ерекшеліктер болуы керек дейді. Олар:

1. Көрінетін болмыс **мекен**де болуы керек;
2. Көрінетін болмыс бір **жақта** (бағытта) болуы керек;
3. Көруші мен көрінетіннің арасында **қашықтық** болуы керек,
4. Көру процесі іске асу барысында көрінетін болмыстан **шағылсқан сәулелер** көзге жетуі керек.

Мұғтазила көзқарасы бойынша «егер де Аллаһ ақыретте көрінеді дейтін болсақ, онда осы аталмыш мекен, жақ, қашықтық және шағылысқан сәулені Аллаһқа тән еткен боламыз. Алайда, бұл таухид принциптеріне қайшы. Аллаһ мекеннен, заттан пәк», - дейді.

Бұған қоса өздерінің пікірлерін қуаттау үшін Құранның:

«Көздер Оған жете алмайды. Бірақ Ол (ілімі арқылы) барлық көздерді көреді» («Әнғам» сүресі, 103-аят), - деген аятын дәлел ретінде келтіреді.

Олар аяттағы «идрак» сөзін «көру» деген мағынада ұққан. Сондай-ақ, Құранның «Ағраф» сүресіндегі Мұса пайғамбар (а.с.): **«Раббым маған өзінді көрсет. Сені көрейін»**, - деді. Сонда **«Мені ешқашан көре алмайсың»** (143-аят), - деген аятты да дәлел ретінде алға тартады. Яғни, Аллаһ Тағала Мұсаға (а.с.) аятта **«Мені ешқашан көре алмайсың»** деуі бұл дүние мен о дүниені бірдей қамтып тұр. Сондықтан да адам екі дүниеде де Аллаһ Тағаланы көруі мүмкін емес, - дейді.

Бұл мәселе түрлі көзқарастармен ұзақ уақыттар бойы пікірталасқа айналған.

Әһли сүннет ғұламалары аталмыш аяттағы «идрак» сөзін «қамту», «меңгеру», «ұғу» деген мағынада тәпсірлеген. Осы тұрғыда көздер Аллаһты қамтып, меңгере алмайды, бірақ көреді деген.

Ал **«Мені ешқашан көре алмайсың»** деген аятта Аллаһ Тағала Мұса пайғамбардың осы өмірдегі сұранысына жауап қайырған. Сондықтан мүмин осы дүниеде Жаратушысын көре алмайды.

Матуриди мектебінің ғалымдарынан Нуриддин ас-Сабуни «аяттағы «лән» сөзі мәңгілік деген ұғымды білдірмейді. Тек тәкид (қуаттау) мағынасын береді», - дейді. Бұған дәлел ретінде Құрандағы

«Бүгін ешбір адаммен сөйлеспеймін» («Мариям» сүресі, 26-аят), - деген аяттағы «лән» сөзін «әл-яум» (бүгін) сөзімен бірге қолданып, шектеулі уақыт үшін айтып отыр. Олай болса, «мәңгілік» пен «шектеулі» бір-біріне қарама-

қарсы түсінік болып тұр. Сондықтан «лән» сөзі осы дүниеде деген ұғымда дейді.

Иә, Аллаһ Тағаланы бұл дүниеде ешкім көре алмайтындығы анық.

«Бірде Мәсруқ деген кісі бірнеше кісімен бірге Айша анамыздан (р.анһа): «Әй, анашым! Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Раббысын көрді ме?» - деп сұрадық. Айша (р.анһа) анамыз: «Айтқан сөзіңнен денем тітіркеніп кетті. Сенің үш қателі сөзден хабарың жоқ па еді? Кім оларды айтса өтірік айтқан болады», - деді.

1. Кім саған: «Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Раббысын көрді десе, өтірік айтқан болады, деп **«Көздер Оған жете алмайды. Бірақ Ол (ілімі арқылы) барлық көздерді көреді»** («Әнғам» сүресі, 103-аят), - деген аятты оқыды.

2. Кім саған: «Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ертең болатын нәрсені біледі десе, өтірік айтқан болады, деп **«Ешкім ертең не істейтінін білмейді»** («Луқман» сүресі, 34-аят), - деген аятты оқыды.

3. Кім саған: «Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уахиден бір нәрсе жасырып қалғанын айтса, ол өтірік айтқан болады, деп: **«Әй, Пайғамбар! Раббың тарапынан түсірілгенді жалғастыр. Егер оны істемесең, елшілік міндетті жалғастырмаған боласың»** («Майда» сүресі, 67-аят), - деген Құран аятын оқып жауап береді» (Муслим, Иман-287), - деді.

Олай болса, біз де Пайғамбарымыздың Миғражда Раббысын тікелей емес, тек перде арқылы нұрын ғана көргендігі жайында айта аламыз. Бірақ, Пайғамбарымыздың Миғражда Аллаһтан Жәбірейл періштенің көмегіңсіз тікелей уахи алғандығы рас.

Бір күні Әбу Зәһр әл-Ғыффари (р.а.) Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Сен Рабб Тағаланы миғражда көрдің бе?», - деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған: «Ол нұр ғой! Мен Оны қалай көремін», - деп жауап берген еді (Муслим, Иман, 261).

Құранда Жаратушыға иман ету мен иман келтірмеу тұрғысынан адамдардың діни дәрежесі әр түрлі болатындығы анық баян етілген.

Имам Матуридидің басқа да ұстанымдары:

- Ақыл – иләһиәт (құдайлық) пен нубууатты (пайғамбарлықты) түсіну мен ұғынудағы қайнар бұлақ.
- Құранда, хадисте және тілде астарлы мағыналы сөздер бар.
- Иманды жан екенін білдіру үшін «Иншаллаһ мүминмін» (Құдай қаласа мүминмін) деп айтуға болмайды, оның орнына «Әлхамдулилләһ, мен мұсылманмын» (Аллаһқа шүкір мен мұсылманмын) деп айту керек.
- Адам баласы жаны алқымына келгенде тәубе ететін болса, қабыл болады. Бірақ, жан алқымға келгенде иман етсе, қабыл болмайды.
- Аллаһ Тағаланың субути сипаттарының саны сегіз. Олар: 1. Хаят (Тірі болу); 2. Илм (Білу); 3. Самиг (Есту); 4. Басар (Көру); 5. Ирадә (Қалауы болу); 6. Құдырет (Күші жету); 7. Кәлам (Сөйлеу құдыреті болу); 8. Тәкуин (Жарату, жоқтан бар ету).

➤ *Жеке дара ерік туралы:* Матуриди бойынша адам жеке дара ерікке ие. Олай болса адам баласы өзінің қалауы арқылы бір істі жасауға нақты шешім қабылдап, оған бет бұрғанда, Аллаһ Тағала ол істі сол адам үшін жаратады. Аллаһ Тағала бұл істі жаратуға мәжбүр болғандығы үшін жаратпайды. Адамға жауапкершілік жүктеумен қатар, оның еркін әрекет жасай алуы үшін бұл істі жаратады. Аллаһ Тағала қаласа адамның нақты қалаған нәрсесін жаратпауы да мүмкін. Алайда Аллаһ Тағала адам баласына жеке дара ерік берген. Сол еркіндігінің нәтижесінде Аллаһ Тағала жасаған амалдарына қарай оны тозағымен жазалайды не жұмағымен сүйіншілейді.

➤ *Бір нәрсенің жақсы (сүйкімді) не жаман (сүйкімсіз) болуы туралы:* Кәлам ғылымында жақсы мен жаманды беске бөліп қарастырған. Олар:

1. Мақсатқа сай болған жақсы, болмаған жаман. Әділдіктің жақсы, зұлымдықтың жаман болғаны секілді.

2. Табиғатқа бейім болған жақсы, болмаған жаман.

3. Кемел сипатқа ие болған жақсы, болмаған жаман. Ілімді болу жақсы, надан болу жаман болғаны секілді.

4. Мадақ пен мақтауға лайық болу жақсы, жамандауға лайық болу жаман. Жомарттықтың жақсы, сараңдықтың жаман болғаны секілді.

5. Аллаһтың мақтап мадақтаған нәрсесі жақсы, жамандауы және азапталуға себепкер болатын нәрселер жаман. Имам Матуриди бойынша әрбір затта жақсы мен жаман деген нәрсе бар. Ол жақсы мен жаманның өлшемін ақылмен білуге болады. Аллаһ бір нәрсенің жақсы болғаны үшін әмір етсе, жаман болғаны үшін тыйым салған дейді.

➤ *Аллаһты тану туралы:* имам Матуриди адам баласына діни уағыз жетпесе де Аллаһты ақылымен тани алады дейді. Себебі Қасиетті Құранда: «ақылға салмайсыңдар ма?», «ойланбайсыңдар ма?», «пікір жүгіртпейсіңдер ме?» деген мазмұндағы аяттар өте көп. Мысалы, тау басында өмір сүрген адам Аллаһтың бар екенін ақылымен тауып, оған сенуі керек. Ал дінді оған ешкім үйретпегендіктен діни міндеттерден жауапқа тартылмайды. Бірақ Аллаһқа сену мәселесінде сұралады. Себебі соны түсінетін ақыл берілді.

➤ *Жарату сипаты туралы:* Жарату, жоқтан бар ету (Тәкуин) – Аллаһ Тағаланың субути сипаттарының бірі. Матуридилік мектебі бойынша бұл сипат Аллаһта әзәли, яғни әуел бастан бар және құрастырылмаған, тікелей Аллаһқа негізделген, Оған ғана тән. Шексіз құдірет иесі Аллаһ Тағала тәкуин сипатымен қалаған нәрсесін жаратады, жоқтан бар етеді. Әлемде Аллаһтың жаратуынсыз пайда болған ешбір нәрсе жоқ. Тәкуин сипаты – жарату, рызық беру, азап беру, тірілту, өлтіру, нығмет беру секілді т.б. сипаттарды қамтитын аса ауқымды ұғым. Аллаһтың Құдірет, Ирадә деген жеке-жеке сипаттарының болғаны тәрізді, Жарату да сол сипаттардың бірі.

➤ *Пайғамбарлық туралы:* Ғұламалар пайғамбарлардың жай адамдар арасынан таңдалғаны туралы ортақ шешімде болғанымен, әйел затынан пайғамбардың шыққаны – шықпағаны жайлы мәселеде біркелкі ымыраға келмеген. Имам Матуриди пайғамбардың ер адам болуы шарт деген. Өйткені пайғамбарлық – аса ауыр міндет. Пайғамбарлық жүктелген жан қашан да қалың

қауіп-қатер мен небір қиыншылықтардың бел ортасында, қылыштың жүзінде жүреді. Пайғамбарлар – адамзат баласын тәрбиелейді. Пайғамбар хақ дінді жаю жолында Аллаһ тағаламен және адамдармен тығыз байланыста болады. Ал нәзік жанды әйел затының бұған шамасы әркез жетпейді. Осы тұрғыда имам Матуриди әйел кісілерден пайғамбар келмейді деген.

➤ *Аллаһ Тағаланың пендесіне күші жетпейтін нәрселерге жауапты етіп-етпеуі туралы (Тәклифи ма-ла иутақ):* Имам Матуриди бойынша Аллаһ Тағала адам баласына күші жетпейтін нәрсені жүктемейді және оны күші жетпейтін нәрсеге жауапты етпейді. Себебі, Құран Кәрімде: **«Аллаһ кісіге шамасы келмейтінді жүктемейді...»** («Бақара» сүресі, 286-аят), - деген аят бар дейді.

➤ *Себеп пен хикмет туралы:* Имам Матуриди бойынша Аллаһ Тағаланың жасаған нәрселерінің бір хикметі бар және себепке сүйенеді. Өйткені, Аллаһтың әрбір ісінде бір хикмет бар. Ол бәрін біледі және Хәкім иесі дейді.

➤ *Иман туралы:* имам Матуриди бойынша иман кемімейді де артпайды да.

➤ *Діннен шығу туралы:* Матуриди діннен шыққан мұсылман кісі қайта иман ететін болса, оның алдыңғы жасаған жақсы не жаман амалдары амал дәптеріне қайта тіркелмейді дейді.

➤ *Құлшылық туралы:* имам Матуриди бойынша мұсылман болмаған адам құлшылық етуге міндетті емес және ақыретте бұл үшін оған бөлек жаза берілмейді.

Осылайша Әбу Мансур әл-Матуриди имам Мұхаммед аш-Шайбани мен Әбу Юсуфтың шәкірттерінен ілім алған. Ғұмырының соңына дейін діни тақырыптарда зерттеулер жасап өткен. Тәпсір, кәлам, фикһ және фикһ әдістемесі салаларында маңызды еңбектер қалдырып, көптеген шәкірттер тәрбиелеген. Ханафи мәзһабын еңбектері мен шәкірттер арқылы жайған. Осы тұрғыда, ол Ханафи мәзһабының имам Ағзамнан кейінгі екінші үлкен ғалымы деп танылған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Құран кәрім. Қазақша мағына және түсінігі.
2. Алау Әділбаев. «Орта Азиядан шыққан ғұлама – Матуриди», Исламтану және араб филологиясы мәселелері атты конференция жинағы. – Алматы
3. Ахмет Ак. Матуриди кайнақларда Матуриди ве Матуридилик (докторлық диссертация). – Анкара: 2006.
4. Әбу Зәһра Мұхаммед. Исламда итиқади сияси ве фықхи мезхеплер тарихы (ауд: С.Кая). – Стамбул: 1996.
5. Әбу Мансур ал-Матуриди. Китабу-т Таухид (ауд:Ф.Хулейф).
6. Әбу Мансур ал-Матуриди. Тәуилату әһли сунна (И.Авазайн, С.Авазайн) – Каир: 1971
7. Әбул Юсур Мұхаммед Паздауи. Әһли суннат Ақайды (ауд:Ш.Гөлжук). – Стамбул: 1988
8. В.В.Бартольд. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. – Москва: 1963
9. Ибн Халдун Абдуррахман ибн Мұхаммед. Муқаддима (ауд: Закир Кадири Уған). – Стамбул: 1990
10. Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы және қазіргі заман атты халықаралық ғылыми-тәжірибеслік конференция материалдары. – Алматы: 2009
11. Кайышоглы Нурулла. Әбул Муин ән-Насафие гөре исбаты нубууа. – Стамбул: 1999
12. Мұстафа Мұхаммед ар-Рахман. Имам Матуридидің Тәуилату Әһли-с Суннасына жазылған алғысөз. – Бағдад: 1983
13. Насафи. Табситату-л әдилла. дай: Клод Салам. – Дамаск: 1990, I
14. Нури Туглы, Матуриди кәлам эколун черчевесинде кәлами хадислерин дегерлендирмеси (докторлық диссертация). – Спарта: 2003
15. Сонмез Кутлу. Исламлашма сүрежинде муржия ве тесирлери. – Анкара: 2000
16. Сейтұлы Қ. Матуриди ақидасы (пайғамбарларға иман), Алматы
17. Тажуддин Субки. Матуридинин ақида рисәлеси ве шархы (дай: С.Эпрем). – Стамбул: 2000
18. Топалоглу Бекир-Аручи. Китабу-т Таухид. ИСАМ баспасы. – Анкара: 2005
19. Ульрих Рудольф, Ал-Матуриди и суннитская теология в Самарканде. (неміс тілінен аударған Л.Трутанова). – Алматы: 1999